

Тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің м.а. 2011 жылғы 5 наурыздағы № 90 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 наурызда № 6798 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 16 тамыздағы № 279 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2012.08.16 № 279 Бұйрығымен.

«Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының 7-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 13-бабының 3-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік тіркеуге және ресми жариялануға жататын нормативтік құқықтық актілер бойынша өкілетті мемлекеттік органы қызметінің тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті және аумақтық әділет органдары мемлекеттік тіркеуге және ресми жариялануға жататын нормативтік құқықтық актілер бойынша өкілетті мемлекеттік органдарында тексеріс жүргізу кезінде Заңның және осы бұйрықтың нормаларын басшылыққа алсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізілді.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

Д. Құсдәулетов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т

м и н и с т р і

міндетін

атқарушының

2011

жылғы

5

наурыздағы

№ 90

бұйрығымен

бекітілген

Нысан

Мемлекеттік тіркеуге және ресми жариялануға жататын нормативтік құқықтық актілер бойынша уәкілетті мемлекеттік органы қызметін тексеру парағы

Ескерту. Тексеру парағының 1 және 3-тармақтары жаңа редакцияда берілді - ҚР Әділет министрінің 2011.09.19 № 314 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізілді) Бұйрығымен.

Тексеруді тағайындаған әділет органы

Тексеруді тағайындау туралы акті _____

(Күні _____, № _____)

Тексеру мерзімі: 20__ ж. «__» _____ бастап

20__ ж. «__» _____ дейінгі аралығында

Бақылау субъектісінің лауазымды тұлғасының аты-жөні

№ р/с	Талаптар	Иә	Жоқ
1	Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге жолдамау.		
2	Қазақстан Республикасының Конституциясына және өзге де жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келетін нормативтік құқықтық актілерді шығару және қолдану.		
3	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу ережесімен белгіленген жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын ресімдеу және келісу ережесімен белгіленген талаптарды бұзу.		
4	Әділет органдарында тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау бөлігіндегі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын қолданыстағы заңнаманың талаптарын бұзу (нормативтік құқықтық акті белгіленген тәртіпте ресми түрде жарияланбаған; нормативтік құқықтық акті (мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда) ресми түрде толық жарияланбаған; нормативтік құқықтық акті мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде бір мезгілде жарияланбайды; ресми түрде жариялануға жататын нормативтік құқықтық акті оны қолданысқа енгізгенге дейін қолданылады).		
5	Қазақстан Республикасы Әділет министрі немесе аумақтық әділет органның басшысы енгізген Заңның бұзылуын жою туралы ұсынысты не ақпараттық хатты орындамау немесе тиісінше орындамау.		

Тексеруді жүзеге асырған тұлғаның (тұлғалардың) аты-жөні, қолы, қызметтік
т е л е ф о н ы н ы ң № :

Ескертпе:

Талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын ресімдеудің және келісудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 тамыздағы № 773 қаулысы, «Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК